



«Әділет» кімнің саяси жобасы?

5-бетте



Шымкенттік шенеуніктер Таразда сотталып жатыр

3-бетте

Жапаров - суперпрезидент

4-бетте



Батырхан ТУРМЕТОВ: Ғылымдағы қолдау тек қаржымен өлшенбеуі керек

9-бетте

De Lacure жазықсыз

12-бетте



Нәлібаевты не күтіп тұр?

Әйгілі әулеттің ықпалы күшейіп келеді

«Нәлібаев жақын арада Шымкенттің әкімі болады». «Нәлібаев Түркістан облысына әкім болып барады». Бұған дейін ел арасында айтылып жүрген осындай болжамдар расқа шықпады. Бақсақ, біз Нұрлыбек Нәлібаевтың мүмкіндігін тым төмен бағалап жүрген екенбіз. Ақорда өткен аптада Қызылорданың әкіміне бірінші вице-премьерліктің тізгінін сеніп тапсырды. Күтпеген жерден. Бірден бірінші вице-премьерлікті. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында облыс әкімінің креслосында отырған адамға бірінші вице-премьерлік лауазымы бұйырмаған екен. Бұл қызмет көбіне облыс әкімдігінде, министрлікте, Үкіметте ысылған, әбден тәжірибе жинаған шенеунікке берілетін. Бұл жолы әлі министр де, Үкімет мүшесі де болып көрмеген Нәлібаев Үкіметте екінші адамға айналды.

Бұл тағайындаудың астарында не жатыр?

3-бетте



Рейтинг

Күй сен, күй сенбе!

Антикордың беделі өсті ме?

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің (Антикор) қоғам арасындағы танымалдығы соңғы үш жылда айтарлықтай өспеген. Бұл туралы ranking.kz хабарлады.

18 мың үйді қамтыған іріктемелі зерттеу нәтижелері осыны көрсетіп отыр. Зерттеу өткен жылдың қазан-қараша айларында жүргізілген. Сауалнама мәліметіне сүйенсек, 2025 жылы респонденттердің 13 пайызы ғана қызмет жұмысы туралы білетінін айтқан. Бұл көрсеткіш 2023 жылғы 13,2 пайыздық деңгеймен шамалас. Ал 2024 жылы бұл меже 12,8 пайыз болған еді. Яғни халықты ақпараттандыру деңгейі өзгеріссіз қалып отыр. Сарапшылар мұны түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіздігімен байланыстырады. Қыз-

меттің қоғаммен байланысы әлі де әлсіз деген пікір бар. Ақпараттық науқандардың ауқымы кеңейгенімен, нақты нәтижесі байқалмай отыр.

Тұрғындардың антикоррупциялық органға жүгіну белсенділігі де төмен күйінде қалуда. 2025 жылы қызметке небәрі 0,8 пайыз респондент жүгінген. 2023 жылы бұл көрсеткіш 1,4 пайыз болған. 2024 жылы 0,6 пайызға дейін төмендеген еді. Биыл аздап өсім болғанымен, жалпы деңгей өте төмен. Бұл халықтың сенім деңгейіне қатысты сұрақ туындатады. Қалалық тұрғындар ауыл халқына қарағанда белсендірек. Қалада 1,1 пайыз азамат жүгінсе, ауылда бұл көрсеткіш 0,3 пайыз ғана. Айырмашылық айқын байқалады. Бұл ауылдағы құқықтық ақпараттың қолжетімділігі төмен екенін аңғартады.



Өңірлік экономиканы әртараптандыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу және отандық өндірісті дамыту – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Осы бағытта Түркістан облысында жүзеге асып жатқан нақты жобалардың бірі – Ақсуқент ауылында орналасқан жеміс-көкөніс өнімдерін өңдейтін «Наурыз-5» кәсіпорны. Кәсіпорынның негізін 2002 жылы жергілікті кәсіпкер Джурат Игамбеков қалаған. Бүгінде бұл өндіріс «Korkem» сауда белгісімен нарыққа сапалы әрі экологиялық таза тағам өнімдерін ұсынып келеді.

Кәсіпорынның басты ерекшелігі – өңірде өсірілетін табиғи жеміс-жидек пен көкөністерді терең өңдеу арқылы дайын өнімге айналдыруы. Мұнда өндірістік үдеріс толықтай заманауи технологиялық желі арқылы жүзеге асады. Жобаның жалпы құны 2 млрд теңгені құрайды. Өндіріс орнында 50 адам тұрақты жұмыс істейді. Зауыт жылына 2400 тонна дайын өнім шығаруға қауқарлы. Онда томат пастасы, кетчуп және жеміс шырындарының 60-қа жуық түрі өндіріледі. Өндірісте Түркия мемлекетінің заманауи құрал-жабдықтары қолданылуда. Және бұл өнімдер кәсіпорынның өз рецептурасы негізінде дайындалады. Бұл – отандық өнімнің сапасын арттырып қана қоймай, нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін де күшейтіп отырған маңызды факторлардың бірі.

Кәсіпорынның өндірістік қуатын арттыру мақсатында заманауи жабдықтар сатып алуға қомақты инвестиция тартылған. 2023 жылы Джурат мырза «Қазақстан Халық Банкі»

арқылы жылдық 21,75 пайыздық мөлшерлеменен несие рәсімдеген. Сонымен қатар ол «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жоба» мемлекеттік бағдарламасына қатысу арқылы мемлекеттік қолдауға ие болды. Нәтижесінде несие мөлшерлемесінің 16,75 пайызы «Даму» Қоры тарапынан субсидияланып отыр. Мұндай қолдау

тетіктері отандық кәсіпкерлердің өндірісін кеңейтуге, жаңа технологияларды енгізуге және бәсекеге қабілетті өнім шығаруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде кәсіпкер ішкі нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз етуге үлес қосып отыр.

Кәсіпорын тек отандық нарықта емес, шетелге де шыға бастады. Бұл туралы кәсіпорын басшысы Джурат Игамбаев қуа-



Сайрамның шырыны мен тосабы Қытайға экспортталады

на хабарлады.

– Қытайлық серіктестермен жасасқан алғашқы келісімшартымыз бойынша жақында қаражат түсті. Енді 10 күннің ішінде тауарларымызды Қытайға жөнелтеміз. Олардың арнайы мамандары біздің өнімнің дәмін бір көргеннен-ақ ұсыныстарын айтты. Олар табиғи өнімді жоғары бағалайды екен. Біздің өнімдерде ешқандай химиялық қоспалар жоқ. Шикізаттың барлығын осы

Сайрам ауданының шаруаларынан сатып аламыз. Жетпегенін басқа өңір, басқа елдерден де алдырталы. Шырын қайналып, тосап жапқанда тазалыққа қатты мән береміз. Өнім сапалы ыдысқа құйылады. Нәтижесінде тосап пен шырын ұзақ мерзімге, жоғары температураға шыдай береді.

Сонымен қатар жақында біздің кәсіпорынға Моңғолиядан арнайы мамандар келіп, өнімдермен танысақ. Егер бәрі ойдағыдай болса, Моңғолияға да өнімдерді экспорттайтын боламыз, – дейді кәсіпкер.

Осы тұста кәсіпкер қазақстандық азаматтар әлі де болса табиғи өнімді дұрыс бағалай алмай жатқанын мәлімдеді. Дегенмен жақын арада халық химикаттар, консерванттар қосылған зиянды сусындардан бас тартып, өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарайтынына сенімді. Ата-бабаларымыз «ауру – астан» деп бекерге айтпаса керек. Түрлі созылмалы аурулар, қант диабеті, гастрит секілді қауіпті аурулардың пайда болуының бір себебі – дұрыс тамақтанбау. Әсіресе жастар зиянды тағамдарды жиі тұтынады. Ал адам ағзасы улы аспен күнделікті күресе беруден шаршайды, шамасы жетпейді. Сондай-ақ табиғи өнімді тұтынса ем болады. Мысалы, кәсіпорын

шығаратын шабдалы шырының пайдасы туралы айта кетейік. Шабдалы шырыны – бұл диеталық өнім, ол семіздікке шалдыққандар немесе диеталар үшін өте қолайлы. Дәрумендер мен минералдарға бай. Сондықтан дәрумендердің жетіспеушілігі, жүрек-қан тамырлары аурулары, бүйрек және бауыр аурулары, ревматизм, подагра және басқа ауруларға пайдалы. Целлюлозасы бар шабдалы шырынының құрамына органикалық қышқылдар, пектин, эфир майлары, А, С және В дәрумендері, темір, мырыш, марганец кіреді.

Қазіргі таңда «Наурыз-5» ЖШС-ы «Korkem» брендін танытуға жұмыс істеп жатыр. Себебі қазір брендтің заманы. Тұрғындар тағамды брендін қарап таңдайды. «Korkem» шырындары мен тосабын «Грамад» сауда желісінен табуға болады. Кәсіпорында шығарылатын барлық өнімдер Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес толық сертифицирталған. Бұл тұтынушылардың сенімін арттырып, өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етеді. Мұндай жобалар өңірлік экономиканың дамуына серпін беріп қана қоймай, отандық өнімнің нарықтағы үлесін арттыруға да зор үлес қосуда.

К.ЗЕҢГІР



ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық «Балықшы» оңалту орталығы» ШЖҚ МКК қолданыстағы мекеменің рұқсат етілген төгінділер нормативтерінің (ТНЖ) жобасына қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қоғамдық тыңдау 19 маусым 2026 жыл, сағат 16:00-де Түркістан облысы Түлкібас ауданы Балықты елдімекені, Спатай батыр көшесі 13 мекенжайында өтеді. Географиялық координаттары: 42°35'01.68"N 70°05'29.85"E. ZOOM видеоконференциясының байланыс сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROym1xZDZtbXJnTkNRUT09> конференция дентификаторы: 616 540 8596. Код: 123456 Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері: «Түркістан облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Мекенжайы: Түркістан қаласы Жаңа қала шағынауданы 32,20 көш.

Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекен-жайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar?lang=ru>, a.erkebai@ontustik.gov.kz Тел: 8725-33-5-98-49. Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы: <https://ndbecology.gov.kz/>

Жұртшылық өкілдерінің жоба материалдарымен қағаз түрінде танысу мүмкін болатын орны, мекен-жайы: Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі 24.

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық «Балықшы» оңалту орталығы» ШЖҚ МКК, мекен-жайы: Түркістан облысы Түлкібас ауданы Балықты елдімекені, Спатай батыр көшесі 13 үй, индекс 160905. БСН: 020640001924. E-mail: L.g.-78@mail.ru.

Тапсырыс берушінің ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет ресурсының немесе электрондық поштасының мекен-жайы: L.g.-78@mail.ru, <https://ndbecology.gov.kz> Құжатты әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Эко Импульс КЗ» ЖШС, телефон: 8 (702) 296 69 33

ОБЪЯВЛЕНИЯ

ГКП на ПХВ «Областной реабилитационный центр «Балықшы» управления здравоохранения Туркестанской области проводит общественные слушания на проект нормативов допустимых сбросов (ПДС) для существующего здания. Слушания состоятся 19 июня 2026 года 16:00 по адресу Туркестанская область, Тюлькубасский район, село Балықты, улица Спатай батыра 13. Географические координаты: 42°35'01.68"N 70°05'29.85"E. Видеоконференция ZOOM ссылка: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROym1xZDZtbXJnTkNRUT09> Идентификатор конференции: 616 540 8596. Код доступа: 123456 Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний и контактные данные лица – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Адрес: город Туркестан, микрорайон Новый город, улица 32,20.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar?lang=ru>, a.erkebai@ontustik.gov.kz Тел: 8725-33-5-98-49. Документация по проекту размещена на <https://ndbecology.gov.kz/>.

Адрес места, где представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта в бумажном виде – город Шымкент, улица Байтұрсынова 24.

Заказчик – ГКП на ПХВ «Областной реабилитационный центр «Балықшы» управления здравоохранения Туркестанской области. Юридический (почтовый) адрес: Тюлькубасский район, село Балықты, улица Спатай батыра 13, почтовый индекс 160905. БИН: 020640001924. E-mail: L.g.-78@mail.ru Адрес интернет-ресурса или электронной почты заказчика, где принимаются замечания и предложения <https://ndbecology.gov.kz/> и L.g.-78@mail.ru.

Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Эко Импульс КЗ», тел, 8 (702) 296 69 33